

ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – «Келісім») Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «ЖБДҰО») төменде баяндалған шарттарда осы ұсынысты қабылдайтын кез келген жеке тұлға (бұдан әрі – «Пайдаланушы») үшін ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. **Келісім** – осы Пайдаланушы келісімі барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен.

1.2. **ЖБДҰО** – Сервистің иесі және операторы болып табылатын «Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК.

1.3. **Пайдаланушы** – Сервисті пайдалану үшін осы Келісімді акцептеген кез келген әрекетке қабілетті жеке тұлға.

1.4. **Сервис** – Пайдаланушыға ЖБДҰО-ның ақпараты мен қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, <https://enic-kazakhstan.edu.kz/> мекенжайы бойынша интернет-ресурс арқылы қолжетімді ЖБДҰО-ның бағдарламалық және аппараттық құралдарының жиынтығы.

1.5. **Құпиялылық саясаты** – осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, Пайдаланушының дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау тәртібін айқындайтын, <https://enic-kazakhstan.edu.kz/> мекенжайы бойынша орналастырылған құжат.

1.6. **Дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, белгілі бір дербес деректер субъектісіне қатысты немесе соның негізінде айқындалатын мәліметтер.

1.7. **Контент** – Сервисте орналастырылған кез келген ақпарат, соның ішінде зияткерлік меншік объектісі болып табылатын мәтіндер, графикалық кескіндер, бағдарламалық қамтамасыз ету және өзге де материалдар.

2. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

2.1. ЖБДҰО Пайдаланушыға осы Келісімде баяндалған шарттарда Сервисті өтеусіз пайдалану құқығын береді.

2.2. Осы Келісім Сервисті пайдалану тәртібін, сондай-ақ ЖБДҰО мен Пайдаланушы арасында туындайтын қарым-қатынастарды реттейді.

3. КЕЛІСІМДІ АКЦЕПТЕУ

3.1. Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жария оферта болып табылады.

3.2. Пайдаланушының мынадай әрекеттердің кез келгенін жасауы осы Келісім шарттарын акцептеу (толық және сөзсіз қабылдау) болып табылады:

- Сервисте тіркелу немесе нысандарды жіберу кезінде «Мен Пайдаланушы келісімі мен Құпиялылық саясатының шарттарын қабылдаймын» жолына белгі (құсбелгі) қою;

- Сервистің кез келген функциясын немесе қызметін пайдалануды бастау (мысалы, өтінім беру, жеке кабинетте тіркелу).

3.3. Акцепт жасай отырып, Пайдаланушы осы Келісімнің және Құпиялылық саясатының шарттарымен толық танысқанын, түсінгенін және келісетінін растайды.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Пайдаланушының құқығы бар:

4.1.1. Сервисті оның мақсатына және осы Келісімнің шарттарына сәйкес пайдалануға.

4.1.2. Сервисті пайдалануға қатысты сұрақтармен ЖБДҰО-ға жүгінуге.

4.1.3. Құпиялылық саясатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. Пайдаланушы міндеттенеді:

4.2.1. Осы Келісімнің шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға.

4.2.2. Сервисті пайдалану кезінде шынайы және өзекті дербес деректерді ұсынуға.

4.2.3. Сервисті құқыққа қайшы әрекеттер жасау үшін пайдаланбауға, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: зиянды БҚ тарату, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, зияткерлік меншік құқықтарын бұзу.

4.2.4. Өзінің есептік деректерінің (логин мен парольдің) үшінші тұлғалардың қол жеткізуінен сақталуын қамтамасыз етуге.

4.3. ЖБДҰО-ның құқығы бар:

4.3.1. Кез келген уақытта Сервистің функционалы мен Контентін өз қалауы бойынша өзгертуге немесе жаңартуға.

4.3.2. Осы Келісімге және Құпиялылық саясатына бір жақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге. Өзгерістер туралы хабарлама құжаттардың жаңа редакциясын Сервиске орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4.3.3. Пайдаланушы осы Келісімнің шарттарын бұзған жағдайда, оның Сервиске қолжетімділігін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға.

4.3.4. Пайдаланушыға Сервистің жұмысына байланысты ақпараттық хабарламалар жіберуге.

4.4. ЖБДҰО міндеттенеді:

4.4.1. Пайдаланушыға Келісім шарттарына сәйкес Сервиске қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.4.2. Пайдаланушының дербес деректерінің Құпиялылық саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуын қамтамасыз етуге.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

5.1. Пайдаланушының дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау және қорғау тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын **Құпиялылық саясатымен** реттеледі.

5.2. Осы Келісімді акцептей отырып, Пайдаланушы ЖБДҰО-ға Құпиялылық саясатында баяндалған шарттарда өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге сөзсіз келісімін береді.

6. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

6.1. Сервисте орналастырылған барлық Контент ЖБДҰО-ның зияткерлік меншік объектісі болып табылады.

6.2. ЖБДҰО-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз Контентті көшіруге, таратуға, қайта шығаруға немесе өзге де жолмен пайдалануға тыйым салынады.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

7.1. Сервис «сол қалпында» (as is) шарттарымен ұсынылады. ЖБДҰО Сервистің үздіксіз, қатесіз жұмыс істейтініне немесе Пайдаланушының күткеніне сәйкес келетініне кепілдік бермейді.

7.2. ЖБДҰО Пайдаланушының Сервисті пайдалануы немесе пайдалана алмауы нәтижесінде шеккен кез келген залалдары (тікелей немесе жанама) үшін жауапкершілік көтермейді.

7.3. ЖБДҰО Сервисте сілтемелері орналастырылуы мүмкін бөгде интернет-ресурстардың мазмұны мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілік көтермейді.

7.4. Пайдаланушы өзі ұсынған деректердің дұрыстығы үшін және дұрыс емес ақпарат беру нәтижесінде туындаған кез келген залалдар үшін толық жауапкершілікте болады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Келісімнен туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешілуге жатады.

8.2. Дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ЖБДҰО-ның орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Осы Келісім оны Пайдаланушы акцептеген сәттен бастап күшіне енеді және Сервисті пайдаланудың барлық мерзімі ішінде қолданылады.

9.2. Осы Келісіммен реттелмеген барлық мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10. ЖБДҰО ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

- **Атауы:** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

- **БСН:** 050640004360

- **Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сығанақ к-сі, 70, № 202 кеңсе, пошта индексі: Z05K7B0

- **Email:** cbpiam@n-k.kz

- **Телефон:** +7 (7172) 57-20-75

ПОЛЬЗОВАТЕЛЬСКОЕ СОГЛАШЕНИЕ

Настоящее Пользовательское соглашение (далее – «Соглашение») является официальным предложением (публичной офертой) Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный Центр развития высшего образования» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (далее – «НЦРВО») для любого физического лица (далее – «Пользователь»), которое примет настоящее предложение на изложенных ниже условиях.

1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

1.1. **Соглашение** – настоящее Пользовательское соглашение со всеми изменениями и дополнениями.

1.2. **НЦРВО** – РГП на ПХВ «Национальный Центр развития высшего образования» МНВО РК, являющееся владельцем и оператором Сервиса.

1.3. **Пользователь** – любое дееспособное физическое лицо, которое осуществило акцепт настоящего Соглашения для использования Сервиса.

1.4. **Сервис** – совокупность программных и аппаратных средств НЦРВО, доступных через интернет-ресурс по адресу <https://enic-kazakhstan.edu.kz/>, предоставляющих Пользователю доступ к информации и услугам НЦРВО.

1.5. **Политика конфиденциальности** – неотъемлемая часть настоящего Соглашения, определяющая порядок сбора, обработки и защиты персональных данных Пользователя, размещенная по адресу: <https://enic-kazakhstan.edu.kz/>.

1.6. **Персональные данные** – сведения, относящиеся к определенному или определяемому на их основании субъекту персональных данных, зафиксированные на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе.

1.7. **Контент** – любая информация, размещенная на Сервисе, включая тексты, графические изображения, программное обеспечение и иные материалы, являющиеся объектом интеллектуальной собственности.

2. ПРЕДМЕТ СОГЛАШЕНИЯ

2.1. НЦРВО предоставляет Пользователю право на безвозмездное использование Сервиса на условиях, изложенных в настоящем Соглашении.

2.2. Настоящее Соглашение регулирует порядок использования Сервиса, а также взаимоотношения, возникающие между НЦРВО и Пользователем.

3. АКЦЕПТ СОГЛАШЕНИЯ

3.1. Настоящее Соглашение является публичной офертой в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3.2. Акцептом (полным и безоговорочным принятием) условий настоящего Соглашения является совершение Пользователем любого из следующих действий:

- * проставление отметки (галочки) в поле «Я принимаю условия Пользовательского соглашения и Политики конфиденциальности» при регистрации или отправке форм на Сервисе;

- * начало использования любой из функций или услуг Сервиса (например, подача заявки, регистрация в личном кабинете).

3.3. Совершая акцепт, Пользователь подтверждает, что он полностью ознакомился, понял и согласен с условиями настоящего Соглашения и Политики конфиденциальности.

4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

4.1. Пользователь имеет право:

4.1.1. Использовать Сервис в соответствии с его целевым назначением и условиями настоящего Соглашения.

4.1.2. Обращаться в НЦРВО с вопросами, касающимися использования Сервиса.

4.1.3. Осуществлять иные права, предусмотренные Политикой конфиденциальности и законодательством Республики Казахстан.

4.2. Пользователь обязуется:

4.2.1. Соблюдать условия настоящего Соглашения и законодательства Республики Казахстан.

4.2.2. Предоставлять достоверные и актуальные Персональные данные при использовании Сервиса.

4.2.3. Не использовать Сервис для совершения противоправных действий, включая, но не ограничиваясь: распространение вредоносного ПО, несанкционированный доступ к информации, нарушение прав интеллектуальной собственности.

4.2.4. Обеспечивать сохранность своих учетных данных (логина и пароля) от доступа третьих лиц.

4.3. НЦРВО имеет право:

4.3.1. В любое время изменять или обновлять функционал и Контент Сервиса по своему усмотрению.

4.3.2. Вносить изменения и/или дополнения в настоящее Соглашение и Политику конфиденциальности в одностороннем порядке. Уведомление об изменениях осуществляется путем размещения новой редакции документов на Сервисе.

4.3.3. Приостановить или прекратить доступ Пользователя к Сервису в случае нарушения им условий настоящего Соглашения.

4.3.4. Направлять Пользователю информационные сообщения, связанные с работой Сервиса.

4.4. НЦРВО обязуется:

4.4.1. Предоставлять Пользователю доступ к Сервису в соответствии с условиями Соглашения.

4.4.2. Обеспечивать защиту Персональных данных Пользователя в соответствии с Политикой конфиденциальности и законодательством Республики Казахстан.

5. ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ И ПОЛИТИКА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ

5.1. Порядок сбора, обработки, хранения и защиты Персональных данных Пользователя регулируется **Политикой конфиденциальности**, которая является неотъемлемой частью настоящего Соглашения.

5.2. Акцептуя настоящее Соглашение, Пользователь дает свое безусловное согласие НЦРВО на сбор и обработку своих Персональных данных на условиях, изложенных в Политике конфиденциальности.

6. ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ

6.1. Весь Контент, размещенный на Сервисе, является объектом интеллектуальной собственности НЦРВО.

6.2. Копирование, распространение, воспроизведение или иное использование Контента без предварительного письменного согласия НЦРВО запрещено.

7. ОГРАНИЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

7.1. Сервис предоставляется на условиях «как есть» (as is). НЦРВО не гарантирует, что Сервис будет работать бесперебойно, без ошибок или соответствовать ожиданиям Пользователя.

7.2. НЦРВО не несет ответственности за любые убытки (прямые или косвенные), понесенные Пользователем в результате использования или невозможности использования Сервиса.

7.3. НЦРВО не несет ответственности за содержание и безопасность сторонних интернет-ресурсов, ссылки на которые могут быть размещены на Сервисе.

7.4. Пользователь несет полную ответственность за достоверность предоставленных им данных и за любые последствия, возникшие в результате предоставления недостоверной информации.

8. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

8.1. Все споры и разногласия, возникающие из настоящего Соглашения, подлежат разрешению путем переговоров.

8.2. В случае невозможности разрешения спора путем переговоров, он подлежит рассмотрению в суде в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан по месту нахождения НЦРВО.

9. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

9.1. Настоящее Соглашение вступает в силу с момента его акцепта Пользователем и действует в течение всего срока использования Сервиса.

9.2. Во всем, что не урегулировано настоящим Соглашением, Стороны руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан.

10. РЕКВИЗИТЫ НЦРВО

- Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный Центр развития высшего образования» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

- **БИН:** 050640004360
- **Адрес:** Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Сыганак, 70, офис № 202, почтовый индекс: Z05K7B0
- **Email:** cbriam@n-k.kz
- **Телефон:** +7 (7172) 57-20-75